

Г.Б.АБАСОВА, Г.А.ДИХАНБАЕВА, Е.Е. ИСМАЙЛОВ, Ұ.А.ИСАЕВА
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті,
Шымкент Медицина Институты, неврология, психиатрия және наркология кафедрасы

БАЛАДАРДАҒЫ АСТЕНИЯЛЫҚ БҰЗЫЛЫСТАРДЫ ТЕРАПЕВТИКАЛЫҚ ТҮЗЕТУ

Зерттеулер нәтижесінің көрсеткіштеріне байланысты «Неуробекс» препараты астенияның мәселесін педиатрияда шешуге үлкен үлес қосады.

Негізгі сөздері: балалардағы астениялық бұзылыстарды емдеу.

Қазіргі заманда адамдар өмірдің жоғарғы қарқынымен үнемі урбанизациялық атрибуттың және техникалық прогрестің әсерінен ақыл-ойдың және ақпараттық жүктеменің жоғары болуы, физикалық жүктемелердің төмен болуы, теңгерімсіз тамақтану, қоршаған ортаның қолайсыз факторларына алып келеді. Ұзақ және үнемі стресстің әсерінен жүйке жүйесі, жүрек қан тамыр жүйесі, асқорыту жүйесінің және басқа да жүйелердің қайтымсыз бұзылыстарына алып келеді. Қазіргі таңда балалар туылған сәттен, бала бақша және мектепке барғаннан бастап стресске ұшырайды. Қазіргі заманғы балаларға күнделікті теледидения, интернет, ауқымды жаңа ақпараттар «агрессивті» әсер етеді. Көбіне балалар артықшылықты «агрессивті» азық-түлік өнімдеріне, уақытының көп бөлігін компьютер алдында өткізеді. Осы жоғарыда аталған себептердің нәтижесі – бұл гиподинамия, физикалық дайындықтың әлсіздігі, иммунитеттің төмендеуі. Сондықтан да қазіргі уақытта ДДҰ ұйғарымы бойынша дені сау балалар 4% құрайды.[1,2]

Бүгінгі күнде, балалардың да, ата-аналардың да негізгі шағымы – астения. Астения – патологиялық әлсіздік немесе «қозғыштықтың әлсіреуі», оның негізгі көріністері болып еңбекке қабілеттілігінің төмендеуі, психикалық процестердің жүдеуі, жоғары қозғыштық, көңіл-күй тұрақсыздығы. [1,2,3]

Астенияға алып келетін үлкен көлемді себептерді 3 топқа бөліп қарастырамыз: соматикалық себептер; орталық жүйке жүйесінің дөрекі емес бұзылыстары (церебрастеникалық синдром); психо-эмоционалды травма (психогенді астения).

Астеникалық синдромның соматикалық себептері: белок-калориялық жетіспеушілік, витаминдер және микроэлементтер жеткіліксіздігімен көрінетін тиімсіз тамақтану; асқазан-ішек жолдарының созылмалы ауруларындағы тамақтың сіңірілуінің бұзылысы, иммунитет төмендеуінің салдарынан жиі суық тию және басқа да инфекциялық аурулар; созылмалы инфекциялар; тыныс алу және жүрек-қан тамыр жүйесінің аурулары; қан аурулары, анемиялар; бауыр, ұйқы безінің созылмалы аурулары; созылмалы бүйрек аурулары; эндокринді аурулар және т.б.

Астеникалық синдромның орталық жүйке жүйесіндегі дөрекі емес бұзылыстарының қалдық көріністері: жүктілік және босану патологиясы, жатыр ішілік инфекция, шала туылу, сәбилік кезең патологиясы, бас-ми жарақаттары, нейроинфекциялар, мидың токсикалық зақымдануымен болған жалпы инфекциялық аурулар, хирургиялық операциялар. Астеникалық синдромның себебі психо-эмоционалды травма болуы да мүмкін. [1,2,3,4,5]

«Неуробекс» препаратын зерттеудің негізгі мақсаты оның балалардағы әр түрлі генездегі астениялар кезіндегі әсерін анықтау. Балалардағы шартты соматикалық астения кезінде «Неуробекс» препаратының эффективтілігі зерттелген. Неуробексті (В тобындағы витаминдер комплексі) негізгі тағайындау көрсеткіші: астеникалық синдром, созылмалы шаршағыштық синдром, стресс және т.б.

«Неуробекс» препараты оптимальді теңгерілген В витамин комплексі құрамында: витамин В₁ - 15 мг; витамин В₆ - 10 мг; витамин В₁₂ - 0,02 мг. В – витаминдердің қабатталған технологиясы АІЖ қажетті бөлімдерде ыдырап шығуын реттейді, В₁, В₆ және В₁₂ витаминдерінің өзара әсерлесуіне жол бермейді, сол арқылы емнің қауіпсіздігін және эффективтілігін жоғарылатады. Неуробекс, инъекциялық витаминдердің (альтернатива) орнына қолданылуы мүмкін, өйткені, витаминдердің антогонизмдік әсері жоғалады, синергиялық әсері жоғарылайды, аллергиялық реакциялардың қауіп максималды төмендеген.

Зерттеу материалы мен әдістері. Негізгі зерттеу тобын 5-11 жас аралығындағы астениялық бұзылыстары бар 47 бала құрады. Балалардағы астеникалық бұзылыстардың себептерін анализдегенде 21 балада церебрастениялық бұзылыс түрінде орталық жүйке жүйесінің дөрекі емес зақымдалуы; 17 балада астенияға соматикалық аурулары себеп болды. Осы балалардың ішінде 3 науқастың анамнезінде белокты- калориялы жеткіліксіздік, витаминдер және микроэлементтер жеткіліксіздігімен сипатталатын теңгерімсіз тамақтану анықталған; 4 науқаста асқазан-ішек жолдарның созылмалы ауруларына байланысты тағамның сіңірілуінің бұзылысы, 6 науқаста иммунитетінің төмендеуі жиі суық тию (ЖРВИ); созылмалы инфекциялар; 4 науқаста қан ауру анемия түрінде. 9 балада астениялық бұзылыстың себебі болып психо-эмоционалды травма (психогенді астения).

Балалардың негізгі шағымдары болып: тез шаршағыштық, кейде таңертеңнен бастап, ынтасының төмендеуі, Тітіркенгіштік, эмоциялардың құбылмалылығы (ренжігіш, жылауық) көңіл- күйдің түсуі, қанағаттанбау сезімі, қырсықтық, төмен көңіл- күй фоны, шаршау фонындағы бас ауру, бас айналу және т.б.

Барлық балаларды 2 топқа бөлінді. Негізгі зерттеу тобын астениялық бұзылысы бар 28 бала құрады, оларға «Неуробекс» 1 таблеткадан күніне 1-3 рет тамақтан соң 15-20 минуттан кейін ішке қабылдау тағайындалды. Ем курсы 2 ай. Зерттеудің бақылау тобын 19 бала құрады, оларға поливитаминдер жасына сай дозада ішке 2 айға тағайындалды. Емнің эффективтілігін бағалау ауру балаларды клиникалық зерттеулері және науқас шағымының регресс динамикасының нәтижесіне қарай «жақсы әсер», «қанағаттанарлық», «қанағаттанарлықсыз» болып жүргізілді.

Зерттеу нәтижесі негізгі топтағы науқас баларға: 63% жақсы әсер, 27% қанағаттанарлық, 10% қанағаттанарлықсыз көрсетті. Бақылау тобындағы науқастармен салыстырғанда көрсеткіштер мына түрде: «жақсы әсер» -11%, «қанағаттанарлық» - 37%, «қанағаттанарлықсыз»-52%. Емнің нәтижесі «Неуробекс» қабылдаған балаларда

астеникалық синдромның клиникалық симптомдары жақсы көрсеткіш көрсетті. Емдеу барысында препараттың жағымсыз әсері байқалмады.

Қорытынды. Балалардағы астения актуальді мәселе болып қалады. Бұл мәселенің шешімі теңестірілген «В» тобындағы витаминдер - «Неуробекс» қабылдау болуы мүмкін, оның терапиялық эффективтілігі түрлі генездегі астениялық бұзылыстарды коррекциялау, қауіпсіздігі, жағымсыз әсердің болмауы педиатриялық тәжірибеде өте маңызды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Чютко Л.С., Сурушкина С.Ю. Астенические расстройства у детей. // Журнал невр. и псих. – 2010. – № 11. – С.26-29
- 2 Гиндикин В.Я. Соматогенные и соматоформные расстройства. - М.: Трианда-Х, 2000. – 256 с.
- 3 Соловьев С.А. Астенические состояния. - СПб.: ВмедА, 2003. – 63 с.
- 4 Крук И.В. Церебрастенические состояния у детей дошкольного возраста. - Киев: Здоровье, 2000. - 189 с.
- 5 Камяков И.М. Основные синдромы в детской неврологической практике. – Рига: 2000. - 167 с.

Г.Б.АБАСОВА, Г.А.ДИХАНБАЕВА, Е.Е.ИСМАЙЛОВ, У.А.ИСАЕВА

ТЕРАПЕВТИЧЕСКАЯ КОРРЕКЦИЯ АСТЕНИЧЕСКИХ РАССТРОЙСТВ У ДЕТЕЙ

Резюме: Решением проблемы астении у детей может быть применение «Неуробекса», который показал свою терапевтическую эффективность, хорошую переносимость и безопасность, что очень важно в педиатрической практике.

Ключевые слова: лечение астении у детей.

G.B.ABASOVA, G.A.DIHANBAEVA, E.E.ISMAILOV, U.A.ISAEVA

THERAPEUTIC CORRECTION OF ASTHENIC DISORDERS IN CHILDREN

Resume: The Decision of the problems of asthenic disorders in children can be an application the "Neurobeks", which has shown a therapeutic efficiency, better portability and safety that much it is important in pediatric practical person.

Keywords: treatment of asthenic disorders in children.